

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ҒYLYM MINISTRLOGI
Ó. SULTANҒAZIN ATYNDAGY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGIKALYQ ÝNIVERSITETI



**«Sultangazin oqylary» I-shi Halyqaralyq
ǵylymi-praktikalyq konferensiasynyŋ
MATERIALDARY**

17-18 мамыр 2019

**МАТЕРИАЛЫ
I-ой Международной научно-практической
конференции «Султангазинские чтения»**

17-18 мая 2019

**MATERIALS
of the Ist International scientific and practical
conference «Sultangazin readings»**

May 17-18, 2019

Qostanai, 2019

ӘОЖ 378 (094)
КБЖ 74.58
С 89

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор

Әбіл Еркін Аманжолұлы
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасарлары:

Медетов Нурлан Амирович
физика-математика ғылымдарының докторы
Ташетов Аманжол Аскарович
PhD докторы

Редакциялық алқа мүшелері:

Утегенова Бибикуль Мазановна
педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент
Евдокимова Ольга Николаевна
педагогикалық ғылымдар кандидаты
Балгабаева Гаухар Зкрияновна
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Жумабаев Канат Аканович
кандидат экономических наук
Бобренко Марина Александровна
Сатбаева Муснай Тулегеновна
Жиенбаева Аида Аманжолқызы

С 89 «Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. = Материалы международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения». = Materials of the international scientific and practical conference on «Sultangazin readings». – Қостанай, 2019.

ISBN 978-601-7934-72-9

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинағында білім беру жүйесін дамыту мен кадрларды даярлаудың ғылыми әлеуетін арттыру, қоғамды дамытудың маңызды мәселелері және «Мәңгілік Ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру жайында зерттеулер жарық көрді.

В материалах международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения» опубликованы исследования актуальных вопросов развития системы образования и научного потенциала подготовки кадров, общества и реализации основных принципов программы «Мәңгілік ел».

The materials of the international scientific-practical conference «Sultangazin Readings» are devoted to studies of topical issues of the development of the education system and the scientific potential of personnel training, society and the implementation of the basic principles of the program «Мәңгілік ел»

ӘОЖ 378 (094)
КБЖ 74.58

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған

Жинақта ұсынылған мақалалардың мазмұны үшін жеке автор(лар) жауапты

ISBN 978-601-7934-72-9

© Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай
мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

вать у студентов комплекс знаний: об этно демографических ситуациях в различных странах и в мире в целом; социально-этнических изменениях, произошедших в мире; планетарных процессах и глобальных проблемах народов.

Итак, чтобы интернет способствовал становлению толерантного сознания у молодого поколения, различным сайтам, социальным сетям, интернет-сообществам необходимо придерживаться следующих направлений: 1) формировать у людей уважение к разнообразию различных мировых культур, цивилизаций и народов; 2) готовность к пониманию и сотрудничеству с людьми, различающимися по внешности, языку, убеждениям, обычаям и верованиям; 3) раскрывать антиобщественную природу экстремизма в различных его формах, противодействовать ксенофобии и фашизму; 4) способствовать выработке у пользователей норм толерантного поведения и навыков межкультурного взаимодействия.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Кулагина Я.М., Тарасова И.Ю. Влияние интернета на современную молодежь // Актуальные вопросы общественных наук: сб. ст. по матер. XXXV междунар. науч.-практ. конф. №3(35). – Новосибирск: СибАК, 2014.
2. Шарипов Ф. Информационные технологии как средство формирования толерантности в современном обществе // Педагогика. – С.169-176. – URL: /https://cyberleninka.ru/
3. Гуров В.Н. Формирование толерантности личности в полиэтнической образовательной среде. – М.: 2004. – 240 с.
4. Лосева Н. Мир научился информировать себя сам // Журналист. – 2011. – №11. – С. 42.

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

Use of problem teaching methods in geography lessons

Э.Б. Ахметова¹, К.Т. Баймаганбетова²
E.B. Akhmetova¹, K.T. Baimaganbetova²

¹²Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қостанай, Қазақстан, *leonor.84@mail.ru, karshyga.baymaganbetova@mail.ru*

Аннотация

География сабағында жаңа технологияларды дұрыс әрі тиімді пайдалану үшін оның оқыту әдістемесі міндетті түрде қажет. Сондықтан, осындай қажеттілікті ескере отырып, мақаланың өзектілігі география сабағы бойынша проблемалық оқыту технологиясының әдістемесін дайындау мен оны сабақта тиімді пайдалану жолдарына арналды. Мақаланың мақсаты проблемалық оқыту технологиясының әдістемесін құрастыру және оны география сабағында пайдалану жолдарын ұсыну болды. Зерттеу әдістері: топтау, жүйелеу, сараптау, талдау. Мақалада қазіргі уақыттағы жаңа технологиялық әдістердің бірі проблемалық оқыту әдісінің сипаты, артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылған.

Abstract

It is very important to have a teaching method in order to utilize new technologies correctly and efficiently. Therefore, taking into account this necessities, topicality of the article was dedicated to preparation and efficient implication of methodology of technology of problematic teaching in geography lessons. The aim of the article is to construct the methodology of technology of problematic teaching and presenting the ways of its implication in geography classes. Methods of the research: grouping, systemizing and analyzing. This article argues one of the methods of contemporary technologies, problematic teaching, its description, advantages and disadvantages. In addition, the article illustrates technics of implication of problematic teaching in geography lessons.

Кілт сөздер: проблемалық оқыту, тренинг, case-study әдісі, жағдаят, пікірталас.

Key words: problematic teaching, training, method case-study, problem, discussion.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында жаңа кезеңнің негізгі міндеттерінің бірі «...осы заманғы білім беру, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды пайдалану мамандарды дайындау сапасын көтеруге басты себеп болатын, инновациялық экономиканы дамыту» деп атап көрсетілген, сондықтан да еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты білім беру жүйесіне қойылған жаңа талаптарға сай болашақ педагогтардың белсенділік пен дербестік қабілеттерінің жетілуіне әсер ететін жаңа ақпаратты технологияны қолдану, оның әлемдік білім кеңістігіне енуіне жол ашуда.

Жаңашылдық адамдардың кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан ол зерттеу мен талдаудың және тәжірбиеге енгізудің нысанына айналған. Жаңашылдық өздігінен пайда болмайды, сондықтан ол ғылыми ізденістің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның әрекетінің нәтижесі ретінде басқаруды қажет етеді. Еліміздің болашағы көркейіп өркениетті елдің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы мәселе – әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру, оны өмірде пайдалану.

Қазіргі заманғы білім берудің басты мақсаты – мамандарды әлемді шығармашылық тұрғыдан өзгертудің әдістемесімен қаруландыру. Осы тұрғыдан алғанда ғылыми міндеттерді дәстүрлі емес әдістермен шешудің жолы ретінде проблемалық оқыту жүйесі ұсынылуы заңды құбылыс. Проблемалық оқытудың жаңа әдістері мен түрлеріне төмендегілерді жатқызуға болады: іскерлік ойындар, оқушылардың баяндамалары мен ақпараттық хабарлары, кері байланысты дәрістер, дәріс-диалог, тренинг, дөңгелек үстелдер, пікірталас, ұжымдық-танымдық оқу және тағы басқалар.

Проблемалық оқытудың күшті жақтары: оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырады; оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады; берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді; оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді.

Проблемалық оқытудың артықшылығы: зейіннің дамуына мүмкіншілік жасайды, байқампаздықты танытады, оқушының танымдық іскерлігін белсенді дамытады, жауаптылық, сыншылдық, өзін сынау, бастамашылдық және өзіне баға беру әрекетін дамытады. Бұдан басқа проблемалық оқыту білімнің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Проблемалық оқытудың кемшілігі оның оқу үрдісінде оқушыға қиындық туғызатындығы, соның арқасында шешу жолын ізденуге көп уақыттың кетуін жатқызуға болады. Сонымен қатар бағдарламаланған оқытуға қарағанда проблемалық оқытудың технологиясын құрастыру оқытушының шеберлігі мен көп уақытын талап етеді.

Тап осы жағдайлар проблемалық оқытуды кең қолдануға кедергі келтіреді. Бірақ, оған талпыну керек және әрбір шебер педагог оны қолданады, өйткені проблемалық оқыту зерттеумен байланысты және осыған сәйкес дәстүрлі оқытудан ерекшеленеді. Себебі кез келген зерттеу – жаңа білім алу үрдісі, ал оқыту – белгілі білімдерді тарату үрдісі болып табылады ал проблемалық оқыту зерттей отырып оқытуға, оқыта отырып зерттеуге үйретеді. Міне, тек осылай ғана шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға болады.

Қарама-қайшылық ой-дамуының қозғаушы күші. Проблемалық оқыту оқытушы үшін әр түрлі деңгейдегі қиындықтар тудыруы мүмкін, қандай және қанша іс-әрекеттерді қою және проблеманы шешуді ол өзі жүзеге асыруына тәуелді. Сонымен проблемалық оқыту оқушының танымдық көкжиегін кеңейтеді, шығармашылық белсенділігін арттырады, білім игеру қарқынын тездетеді, қасиет сапасын жақсартады, жаңа тапсырмаларды орындау кезінде өз бетінше жұмыс істеуге үйретеді, оқуға деген ынта-ықыласын оятады. Проблемалық оқыту оқушыларды дербес ізденіске, зерттеу жұмыстарына баулуда, бейтаныс, белгілі емес проблемаларды өз беттерінше шешуде өте ұтымды болып келеді.

Қазіргі уақытта белсенді оқу әдістері, соның ішінде case study әдісі еліміздің білім беру жүйесінде кең етек алуда. Case studies – оқу сабақтарында талқылау мақсатында фактілі материалдар негізінде арнайы дайындалған нақты оқу жағдаяттары. Мәселені шешу барысында оқушылар «топпен» жұмыс жасауға үйренеді, талдау жасау және соңғы шешімдерді қабылдауға үйренеді.

Case study әдісі – теориялық білімді практикалық тапсырмаларда қолдануды рұқсат ететін аспап. Әдіс оқушыларға өздігінен ойлауды дамытады, тындау қабілеті және балама көзқарасты қарау, аргументті өз көзқарасын айтуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы оқушылар талдаушы және бағалаушы дағдыларын жетілдіруді, топпен жұмыс істеуді үйрену, қойылған мәселеге дұрыс шешім табуға үйренеді.

Шетелдік тәжірибеден белгілі болғандай, case-study әдісінің эффективтілігі артып келеді. Егер бұл әдіс кезеңдік сатымен қолданылса, яғни, жағдаяттың күрделілігінің бірінші деңгейінен күрделіліктің үшінші деңгейіне дейін біртіндеп қолданылса, онда case-study әдісінің тиімділігі артады. Жағдаятты қолдану арқылы проблемалық оқыту оқушылардың белсенділігін оятады, өз шешімі үшін өзіне жауапкершілік алу мінезін қалыптастырады. Бұл әдістің құндылығының бірі өтілген тақырыптарды талқылау үрдісіне оқушыларды ынталандыра қатысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, құрастырылған жағдаяттар шынайы өмір деректеріне негізделген зерттеу барысында алынған білім мен біліктіліктерді қамту үшін пайдалы.

Case-study шынайы өмірден алынған, өз алдынан шынайы оқиғаны сипаттап қоймай, сонымен қатар бірегей ақпараттық кешенді, жағдайды түсінуге көмектесетін мысал. Жақсы кейс келесі талаптарға сай болу керек:

- нақты қойылған мақсатқа сәйкес болу;
- сәйкесінше күрделілік деңгейінің болуы;
- экономикалық өмірдің бірнеше аспектілерін көрнекілендіру;
- тез ескірмеу;
- бүгінгі күні өзекті болу;
- әр түрлі жағдайларды суреттеу;
- талдау, ойлауды дамыту;
- дискусияны туындату;
- бірнеше шешім болу.

Case-study әдісінің артықшылықтарына төмендегілерді жатқызуға болады: проблемалық оқыту принциптерін қолдану – шынайы мәселелерді шешу дағдыларына ие болу, топтардың бір проблемалық жолда жұмыс жасау мүмкіндігі, сонымен қатар проблемалық оқу үрдісі негізінен терминдерді жаттап, мазмұнын айтып беруге қарағанда шынайы өмір жағдаяттарына бейімделген, терминдерді білу және түсінуді ғана талап етпейді, сондай-ақ оларды алдын ала тұжырымдап, мәселені шешудің ойша сызбасын құрып, өз пікірін жинақтап тиянақтайды; топта жұмыс жасау дағдысына ие болу; қарапайым жалпылау дағдыларын өңдеу; презентациялау дағдысына ие болу; пікірталас дағдысына ие болу, сұрақ құрастыра білу, жауаптарын нақты жинақтау.

Пікірталас case-study әдісінде маңызды орын алады. Оны оқушылар айтарлықтай деңгейде есейіп, өз бетінше ой түйіндеп, пікірін тиянақтай алатын, өз көзқарасын жүйелеп, дәлелдей алатын жағдайда қолданған дұрыс. Пікірталас үрдісінде шағын топтардың әрқайсысы жағдаятты шешудің өз нұсқасын ұсынады, басқа топтың оқушылары қойған сұрақтарға жауап береді және өз ойларын нақтылайды, баяндауларын аяқтағаннан кейін бағасын береді немесе басқа топтар ұсынған шешім нұсқаларына пікірлерін білдіреді.

Географияны оқытуда оқу жұмысының өзгерісі, уақыттың азаюы оқу үрдісін ұйымдастыруда жаңа зерттеулер жүргізуді талап етеді. Сондықтан мектептің оқу процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың маңызы зор.

6 сыныпта оқушылардың географиялық білімін қалыптастыру құбылыстар мен нысандарды зерттеумен басталады. Сондықтан 6 сынып оқушыларының терең білімін картина-суреттер, бейнефильмдер, слайдтар арқылы құбылыстар мен нысандарды көрсету арқылы қалыптастыру қажет. Жалпы білім бірінші және екінші деңгейлік жағдайда қалыптасады. Оған қоса оқушылардың шығармашылық, соның ішінде проблемалық жағдаят тапсырмаларды орындау нәтижесінде қалыптасады.

Оқушылардың танымдық және проблемалық тапсырмалар барысында жаңа материалды меңгеруде, оны өзіндігінше талдап, қорытынды шығарып, сонымен бірге достарымен немесе

мұғаліммен бірге талқылап, өткен білімдерін пайдалана отырып, жаңа білімді қалыптастырады. Бұнын барлығы көрнекілік құралдардың бар болуымен де байланысты болады.

Мысалға, 8 сыныптағы «Алаптар бойынша ірі өзендерге сипаттама» тақырыбын өткен кезде Ертіс өзенінің шатқалында Бұқтырма сағасынан төменіректе салынған биіктігі 96м орасан зор Бұқтырма бөгеті туралы айта келіп, оқушыларға: «Осындай құрылысты салу неге керек болды? Бөгетті жеңіл, арзан тәсілмен салуға болатын жол табуға болмады ма?» деген проблемалық сұрақ қою арқылы оқушылардың осы бөгеттің құрылысын салуға деген жалпы қызығушылығын оятуға болады. Осы арқылы оқушыларды топ-топ болып бірігіп, карта арқылы жұмыс жасап жол табуға бағыттау қажет. Оқушылар жер бедері, өзен ерекшелігі, соған сәйкес құрылыс материалдарын таситын жағдайларды ескерген барлық мүмкін нұсқаның сызбасын салып, оны әр топ бір-бірімен салыстырып, одан кейін оны Бұқтырма бөгетінің сипаттамасымен салыстырып өздерінше қорытынды-түйін жасауға ынталанады.

Практикалық жұмыс кезінде көбіне карталармен жұмыс жасаған тиімді. Мысалы, 7 сыныпта «Африка материгінің климаты» тақырыбында климаттық белдеулердің ерекшелігін анықтау барысында мынадай проблемалық тапсырмалар құрастыруға болады. Оқушыларды 3 топқа бөліп, әр топқа тапсырмалар беріледі. Әрбір топ берілген тапсырмаларын оқулық пен климаттық карта арқылы анықтайды.

1-топ – неге шығысында экваторлық белдеу Үнді мұхитына жағалауына дейін жетпейді?

2-топ – неге Сомали түбегі Африканың ең құрғақ территориясы болып табылады?

3-топ – неге Намиб шөлі Атлант мұхитының жағалауында орналасқанмен ең құрғақ шөл Сахараға қарағанда жауын-шашын мөлшері аз?

Сыныптағы ең мықты деген оқушыларға қосымша сұрақтар беруге болады. Мысалы, неге экваторда әрқашан ыстық және жауын мол? Неге субэкваторлы белдеу құрғақ және ылғалды маусым болып ажыратылады? Неге Африканың солтүстік бөлігінде климаты оңтүстікке қарағанда құрғақ? Осындай проблемалық сұрақтарды топтарда талқылап, шешімін іздейді.

10 сыныптағы «Қала мен ауыл халқы. Урбандалу. Әлемдегі урбандалу проблемасы» тақырыбында мындай проблемалық тапсырмаларды шешуге болады: картаны қарай отырып, жоғары урбандалған Чад мемлекетінің экономикалық дамуы артта қалып келеді?

Оқушылар өздігінен істейтін жұмыстарды мұғалімнің бақылау-басшылығымен орындайды. Білім көзі мен жұмыстың дидактикалық мақсатын тек мұғалім ғана анықтап, жұмыстың орындауына қажетті уақытты белгілейді, оқушылардың қажетті оқу тәсілдерін жұмылдыруына көмектеседі және т.с.с. Мұғалім барлық жұмыстарды бағалауға тиіс. Оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарының алуан түрлі кешенінде жаңа білімге ие болуға, икемділіктер мен дағдыларды бекітуге, білімді нақтылай түсуге бағытталған тапсырмалар орын алады. Оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру үшін мұғалім ең алдымен жұмыстың мазмұнымен, сондай-ақ оларға берілген әдістемелік ұсынымдармен де танысып алуы қажет.

Проблемалық оқытудың ерекшелігі – мұнда мұғалім білімді дайын түрде баяндап бермейді, оқушылардың алдына проблемалық міндет қояды. Шешімді және шешу құралдарын оқушы өзі іздестіруі тиіс. Бұл технологиялық әдістегі ең маңызды мәселе – жаңа білім жаттау немесе есте сақтау үшін емес, проблеманы немесе бірнеше проблемаларды шешу үшін беріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ксензова Г.Ю. Перспективные школьные технологии. – М., 2001.
2. Антипова М.В. Метод кейсов (case study). Мариинско-Посадский филиал ФГБУ ВПО «МарГТУ», Сентябрь, 2011.
3. Юлдашев З.Ю., Бобохужаев Ш.И. Инновационные методы обучения: Особенности кейс-стади метода обучения и пути его практичешкого использования. – Ташкент, 2006.
4. Понурова Г.А. Проблемный подход в обучении географии в средней школе. – Москва. «Просвещение» 1991.
5. Панчешникова Л.М. и др. Проблемные задания по географии // География в школе, 1979. – №1.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Е.А. Әбілдің құттықтау сөзі.....	3
Приветственное слово ректора Костанайского государственного педагогического университета имени У. Султангазина, доктора исторических наук, профессора Е.А. Әбіл.....	5
Greeting speech of the Rector of Kostanay state pedagogical university named after O Sultangazin, doctor of historical sciences, professor E.A. Abil.....	6

1 СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ CURRENT ISSUES OF THE EDUCATION SYSTEM DEVELOPMENT

<i>Абдулина Г.Б.</i> Развитие учебной самостоятельности будущих техников-программистов на основе интерактивных средств изучения дисциплин профессионального цикла.....	8
<i>Абдыкаликова К.А., Қанезова А.М., Жунаева М.Н.</i> Органикалық заттардың құрылысын анықтауда физика-химиялық әдістерді қолдануға негізделген есептер.....	10
<i>Айгужина Г.З., Омаров А.Р., Темирғалиева С.Е.</i> Роль адаптивной физической культуры в социализации инвалидов и лиц, с отклонениями в состоянии здоровья.....	13
<i>Айтбенова А.А.</i> ICT сабағында CLIL әдісін қолданып тілдік күзiреттiлiктi қалыптастыру.....	16
<i>Алипбаева Г.А., Кабиева А.Н.</i> Психикалық дамуы тежелген кiшi мектеп жасындағы оқушылардың қоршаған орта сабақтарында оқуға деген ынталарын қалыптастыру бойынша түзету жұмысы.....	20
<i>Ахметбекова З.Д.</i> Влияние интернета на развитие толерантности у студенческой молодежи.....	24
<i>Ахметова Э.Б., Баймаганбетова К.Т.</i> География сабақтарында проблемалық оқыту әдістерін қолдану.....	27
<i>Балаканова А.Е.</i> Технология CLIL в преподавании общеобразовательных дисциплин.....	31
<i>Балжанова А.М.</i> Языковое образование в контексте современных образовательных тенденций в Казахстане.....	33
<i>Бекетова А.С., Гринь Л.В.</i> Современные инновации в системе образования.....	37
<i>Бектурганова Р.Ч., Кетебаева К.К.</i> Из опыта работы Костанайского колледжа Зерек по подготовке будущих учителей к исследовательской деятельности на основе информационно-коммуникационных технологий.....	40
<i>Бикенова Г.С., Садақбаева А.А.</i> Төменгі сынып оқушыларын шетел тілінде сөйлеуге үйретуде компьютерлік ойынның тиімділігі.....	44
<i>Брагин Е.А.</i> Изучение миграционных маршрутов и мест зимовок хищных птиц Костанайской области.....	46
<i>Волкова Н.А.</i> Формирование художественно-эстетической компетенции студентов-дизайнеров посредством декоративно-прикладного искусства.....	51
<i>Ерсултанова З.С.</i> Жоғары білім беруде ақпараттық коммуникациялық технологиялардың ролі.....	54
<i>Жандауова Ш.Е., Байтасова А.В.</i> Развитие логического мышления на уроках математики как основа повышения качества образовательного процесса.....	57